

"Шымкент қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 14/123-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2026 жылғы 23 сәуірдегі № 35/316-VIII шешімі

Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Шымкент қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 14/123-VIII шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 202-17 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімге 1-қосымшада:

Шымкент қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

13-тармақта:

б) тармақша алып тасталсын;

7) тармақшаның екінші абзацы, 8) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлеуметтік көмек өтініш берушіге өтініш берген айдан бастап ай сайын көрсетіледі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы мәслихатының төрағасы

Б. Нарымбетов